

**Хаттама №4**  
**«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің**  
**Қамқоршылық кеңесінің отырысы.**

**21 қыркүйек 2018 жыл**

**Күн тәртібі:**

1. Ұйымдастыру мәселесі.

Симчук В. Н.-ҚК –нің төрағасы.

2. Республикалық және өңірлік конкурстарға, олимпиадаларға және басқа да бұқаралық іс-шараларға қатысу нәтижесі (оқу жылы бойында).

Копылова Т. Н. – аға тәрбиеші

3. Мамандықты таңдау және жұмысқа орналастыру, тәрбиеленушілерді балалар үйі жағдайында табысты әлеуметтендірудің құрамдас процесі.

Қазбекова Б. А.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

4. Өртүрлі.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы.

**Отырыстың барысы:**

1. Ұйымдастыру мәселесі бойынша ҚК –нің төрағасы Симчук В. Н.- сөз алды. Бүгін Қамқоршылық кеңестің құрамында өзгерістер бар екендігіне тоқталды.

"Ана үйі" Қоғамдық қорының маманы Джумабекова Куралай Габдулгамаровна, Абаханова Алия Асхарбековна "Best for Kids" президенті ҚК –тің қатарынан себеппен шығып отыр. Олардың орнына "Ана үйі"ҚК-ның директоры Акимбекова Балия Доненбайқызын және "Best for Kids"ҚК –ның Президенті Жаркимбаева Куралай Талгатқызын қосуды ұсынамыз.

-Аталған ұсыныспен кім келіседі, кім қарсы? ҚК-тің барлық мүшелері аталған кісілерге өз дауыстарын берді.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

-Бүгінгі ҚК-тің отырысында бақылаушы ретінде Жантаев Ержан Мухамедрахимұлы – білім саласындағы бақылау Департаментінің бас маманы қатысып отыр.

Сонымен қатар ҚК отырысына шақырылғандар да бар:

- Канатова Рауза Махметқызы – Ақкөл балалар үйінің директоры,

- Казбекова Ботагоз Абдрахманқызы – директордың ОТЖ орынбасары.

- Копылова Татьяна Николаевна – аға тәрбиеші.

ҚК-тің құрамына 9 адам кіреді олардың 7 қатысуда

- 1.Симчук Валерий Николаевич
- 2.Абулхаирова Гульнар Есеновна
- 3.Акимбекова Баия Доненбаевна
4. Мохначев Анатолий Владимирович
- 5.Жаркимбаева Куралай Талгатовна
- 6.Каиржанова Алма Кыдырбаевна
7. Жанабекова Сауле Жанатовна

Қатыспағандар:

Дмитриенко Елена Александровна, Даутов Айвар Картбаевич (дәлелді себеппен).

-Барлығында дәлелді себеп, қатыспаушылармен ауызша келісім бойынша отырысты бастауға рұқсат етіңіздер .

2.Екінші сұрақ бойынша Копылова Татьяна Николаевна аға тәрбиеші сөйлейді (баяндама берілген).

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

- Құрметті Қамқоршылық кеңестің мүшелері, Татьяна Николаевна оқу жылы барысында Республикалық және өңірлік конкурстарға, олимпиадаларға және басқа да бұқаралық іс-шараларға қатысу нәтижесімен таныстырды. Нәтижелері айтарлықтай. Кімде қандай сұрақ бар?

- Егер сұрақ болмаса, үшінші сұраққа көшуге рұқсат етіңіздер. Мамандықты таңдау және жұмысқа орналастыру, тәрбиеленушілерді балалар үйі жағдайында табысты әлеуметтендірудің құрамдас процесімен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Казбекова Ботагоз Абдрахманқызы таныстырады (Баяндама берілген).

- Баяндамадан біз балалар үйінде жоспарлы түрде тәрбиеленушілермен жұмыс жүргізілетінін көрдік. Тәрбиеленушілер өз қалаулары бойынша таңдаған мамандықтарына түсе алады. Аталған сұрақ бойынша кімде қандай сұрақ болады?

4.Әртүрлі.

Акимбекова Баия Доненбаевна:

- Біздің алға қойған мақсатымыз - Қамқоршылық кеңесінің жұмысын дұрыс жолға қоя білу. Берілген Ережеден ҚК-тің жұмысын қалай іс жүзінде жүргізуге болатынына тоқталды. Отырыстарда біз проблемалық сұрақтарды көтеріп, шешуге ат салысуымыз керек,- деп өз сөзінде Баия Доненбаевна

айтты. Ұжымда шешілмейтін проблемалық сұрақтар бар ма, немесе оларға тәрбие мен оқытуда әдістемелік көмек керек шығар? Отырыстарда нақтылы сұрақтарды қарастырып, нақты шешімін табуға көмектесуіміз керек.

Жарғыға өзгерістер енгізу керек. Балалар үйінің алға қойған мақсаты-балаларды жанұяға орналастыру. ҚК-сі жұмысқа жүйелік өзгерістер енгізуді ұсынуға тиіс. Мекемелердің перспективалық жоспар-дамуын қарастыру керек. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жанұяға орналастыруға ат салысу керек. Қанша бала жанұяға баруға дайын, жаңа келген бала мүмкін бірден жанұяға кеткісі келетін шығар. Балалармен сапалы жұмыс жүргізу керек. Балалардың көзқарасын анықтай білу керек. Өз ісінің мамандары сапалы жұмыс істеу керек. Жұмыстың стратегиясын ойластыру керек. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтап тарату керек. Балаларды әлеуметтендіру керек. Жұмыста жүйелілік болу керек. ҚК барлық тәрбиеленушілерді топ бойынша жатқа білу керек. Балалармен кездесіп, нақты жұмыстар жүргізген дұрыс. Жұмыс көрнекті болуға тиіс. ҚК-балалардың ата-анасы. «Асыранды ата-аналар мектебі» жұмыс істейді, сол ата-аналармен жұмыс жүргізу керек. Мен келесі отырысқа келесі сұрақтарды дайындауды ұсынамын:

1.2018 жылдың жылдық есебі.

2.3 жылға мекеменің даму жұмыс жоспары. Сенімді лайықты ауыстыру дайындауымыз керек, тиімділік коэффициентін де естен шығармау керек.

3.Балаларды жанұяға орналастыру сұрағы бойынша нақты көзқарас.Слайдтық презентация болуы керек..

Көтерілген сұрақ бойынша барлық ҚК-нің мүшелері өз ойларымен бөлісті.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

- Барлық сұрақтар қарастырылды. Отырыстың шешімін шығару керек.

#### **Отырыстың шешімі:**

1. Республикалық және өңірлік конкурстарға, олимпиадаларға және басқа да бұқаралық іс-шараларға қатысуды жалғастыру.

3. Балалар үйінің педагог қызметкерлеріне жұмысты таңдау және жұмысқа орналастыру, тәрбиеленушілерді балалар үйі жағдайында табысты әлеуметтендірудің құрамдас процесін әрі қарай жалғастыру.

3.Келесі отырысқа ұсынылған сұрақтарды бекіту.

Төрағасы:  В. Симчук

Хатшысы:  Б.Казбекова